

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы "2010 жылға арналған Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек туралы" N 51/1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі N 360/4 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда N 12-3-264 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 22 тамыздағы N 3-05/221 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011.08.22 N 3-05/221 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының, (IV шақырылған кезекті XX сессия) 2010 жылғы 9 ақпандағы "Екібастұз қалалық мәслихатының (IV шақырылған кезекті XIX сессия) 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "2010 - 2012 жылдарға арналған Екібастұз қаласының бюджеті туралы" N 221/19 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 241/20 шешімінің негізінде, жекеленген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы "2010 жылға арналған Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек туралы" N 51/1 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 12-3-255 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 11 ақпанда "Отарқа" газетінде N 7 және 2010 жылғы 11 ақпанда "Вести Екибастуза" газетінде N 6 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының 4-тармағының 1-тармақшасындағы "120000 теңге мөлшеріндегі" сөзі мен саны "нақты құны бойынша" сөздерімен ауыстырылсын;

қаулының 3-тармағының 18-тармақшасы "Екібастұз қаласының әкімімен, жұмыс берушімен және жас маманымен қол қойылған үш жақты келісімшарт" сөздерімен толықтырылсын.

Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссия құрамына енгізілсін (бұдан әрі – Комиссия):

Ғабидолла Абдоллаұлы Оспанқұлов, Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары,
Комиссия төрағасы болып;

Комиссия құрамынан Сансызбай Сапарұлы Төлеубаев шығарылсын.
2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Ғ. А. Оспанқұловқа жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев